

Х.И.А. Хамдан¹, Ә. Жәненұлы², Қ.С. Ержан²

¹«Әл-Азхар» Халықаралық Египет ислам университеті, Египет;
²«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы
(E-mail: ansarjan@mail.ru)

Әбу Мансур әл-Матуридидің Құран мәтіндерін интерпретациялаудағы әдістері

Мақалада ислам әлеміне танымал, жоғары дәрежеге ие кемеңгер ғалым Әбу Мансур әл-Матуридидің «Тәуилату әли сунна» атты еңбегінде Құран мәтіндерін интерпретациялаудағы әдістері кеңінен қарастырылып, талқыланды. Маңызды әрі ең үлкен еңбек саналған «Тәуилату Құран», кейде «Тәуилату әли сунна» деп те аталатын. Бұл еңбек Құран аяттарымен және хадис мәтіндерімен түсіндірілген. Сондай-ақ ғалымның Құран мәтіндерін түсіндіру барысында тәпсір, хадис, ақида, фикһ, фикһ әдіснамасы және логика сынды көптеген ислам ғылым саласын қамтығанын көре аламыз. Матуриди еңбегі аяттарды жан-жақты талқылауымен әрі оқырманға түсініктілігімен ерекшеленеді. Бұған қоса оның ақыл мен нақылды (діни мәтіндерді) бір еңбекте керемет ұштастыруымен де еңбектің құндылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: Құран, тәпсір, тәуил, ақыл, мәзһаб, хадис, әдіс, дереккөздер.

«Әдіс» деген сөз гректің «metodos» (зерттеу, немесе таным жолы) деген сөзінен шыққан. Бұл сөз араб тілінде «мінһаж» (көпше түрі «манәһиж») кейде осы сөзден түрленіп «минһаж» деп те қолданылады. Яғни *мінһаж* сөздікте — «анық жол», «айқын жол» және «ашық», «түсінікті жол» деген мағыналарды білдіреді [1; 995].

Құран Кәрімде *Әр үмбетке өзіне тән шарият һәм жол белгілеп бердік* [2; 5/48-аят] деп «мінһаж» сөзі «жол» мағынасында келеді.

Ал терминдік мағынасы: «Қандай да бір ілім саласын егжей-тегжейлі түсіну үшін қойылған қағидаларға негізделіп, сол заңдылықты сақтай отырып, жақсы нәтижеге жету» [3; 33] дегенді білдіреді.

Бүгінгі әлем мұсылмандарының 90 пайызын сунниттер құраса, олардың жартысынан көбі Ханафи мәзһабын ұстанады. Ал олар Әбу Ханифаның ізбасары, үлкен теология мектебінің құрушысы Әбу Мансур әл-Матуридидің бір жүйеге келтірген сенім негіздерін басшылыққа алады.

Бұл сенім негіздері — Орта Азия, Түркия, Балқан түбегі, Қытай, Үндістан, Пәкістан аймағындағы мұсылмандар арасында кеңінен жайылған. Әсіресе бұл жүйе түркі халықтары арасында көбірек таралған. Әрине, оның ішінде Қазақстан мұсылмандары да бар.

Ендігі кезекте осы кемеңгер ойшыл, ғалым Әбу Мансур әл-Матуридидің Құран мәтіндерін интерпретациялаудағы әдістеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Ғалым Әбу Мансур әл-Матуриди өзінің «Тәуилат әл-Құран» атты еңбегінде қолданған әдіснаманы мына екі тақырып негізінде қарастыруға болады:

Бірінші: Құран Кәрім мәтіндерін интерпретациялаудағы сүйенген дереккөздер.

Екінші: Дереккөздерді пайдалануда қолданған әдісі.

1. Құран Кәрім мәтіндерін интерпретациялауда сүйенген дереккөздері.

Қандайда бір ғалым Құран Кәрім мәтіндерін интерпретациялау/тәпсірлеу (түсіндірілуі) барысында міндетті түрде өзінен бұрынғы тәпсір еңбектеріне жүгінері белгілі. Сондай-ақ әр тәпсірші міндетті түрде екі қайнарқөзге сүйенеді, ол Құран Кәрім мен Пайғамбар сүннеті.

Құран Кәрімді Құранмен тәпсірі:

Құран Кәрімнің ең керемет тәпсірі Құран екенінде еш күмән жоқ. Ғұламалар да бір ауыздан Құранды тәпсірлеудегі бірінші негіз ол — Құран Кәрім деген. Себебі Алла Тағаланың кәләмін Өзінен артық білетін ешкім жоқ. Сондай-ақ Құранда кей жерде жалпы айтылған нәрсе екінші жерде жалқыланған, бір жерде қысқаша баяндалғаны, екінші бір орында кеңінен тарқатылған. Сондықтан Құран тәпсірінде бірінші орынға Құранды қою заңдылық әрі дін негіздерінен саналады. Себебі Құран – Ислам дінінде бірінші қайнар көз [4; 285].

Әбу Мансур әл-Матуриди Құран мәтіндерін интерпретациялауда алдымен аятты толықтай талдап, кейін айтқандарына дәлел ретінде Құран Кәрімнен осы аятқа қатысты басқа аяттарды келтіреді. Мәселен:

Құранның «Әнфал» сүресінің 24-аятында Алла Тағала: *Уа, иман еткендер! Алла елшісі сендерді өздеріңді (мәңгілік өмір сыйлайтын) иманға шақырғанда, Алла мен елшісінің шақыруын қабыл алыңдар* деген аят бар. Бұл аятты Матуриди былай тәпсірлейді: «Бұл аятта Алла Тағала тек мұсылмандарға ғана тіл қатқан болуы әбден мүмкін. Яғни, «Уа, иман еткендер! Алланың әмірлерін орындап, тыйғандарынан толық бастартыңдар. Сондай-ақ Оның елшісінің айтқандарын да толық орындандар. Өйткені ол (Алла елшісі) сендерді ақырет мекеніне шақыруда». Соңғы сөзімізді келесі аятпен қуаттандырсақ: *«Алла құлдарын бейбітшілік пен есендік мекені Жұмаққа шақырады және қалағанын тура жолға салады»* [2; 10/25-аят]. Жоғарыда ақырет мекені деп мәңгі тіршілік мекенді айтуда. Бұл сөзімізге дәйек мына аят: *...Ал ақырет мекені болса, міне, сол нағыз шын өмір. Кәпірлер соны білсе зой!* [2; 29/64-аят]. Бұл жерде Алла Тағала құлдарына: «Аллаға және Оның елшісіне толық жауап беріңдер! Расында Расулалла сендерді мәңгі тіршілік мекеніне шақыруда. Ал шақыруға жауап қатпаған кәпірлер ақыретте өлмейді де, тірілмейді» [5; 317].

Бұл жерден Матуридидің Құран Кәрім мәтіндерін түсіндірудегі ерекшелігін анық көруге болады. Яғни, алдымен, тәпсірленетін аятты талдап, артынан тәпсірлеуші аятқа талдау жасайды. Талдаудың артынша былай деп қорытындылайды: «Тәпсірлеуші аят тәпсірленетін аятты толық ашпауы мүмкін». Бұл — Матуридидің «тәуил» түсінігінің жемісі. Өйткені ол өз көзқарасын білдірумен қатар, оның соңғы сөз емес, Құран аятын түсіндірудің бір тәсілі ретінде ғана ұсынып, басқа көзқарастарға да жол ашық екенін көрсетеді.

Сондай-ақ Матуриди аятты толықтай емес, кейде аятта келген жалғыз сөзді де келесі бір аятпен аша түседі. Мысалы: *Сондай-ақ араларыңдағы өз-өзіне қиянат жасаған азғындардың ғана басына келетін алапат фитнадан сақтаныңдар* аяттындағы «фитнадан сақтаныңдар» [2; 8/25-аят] деген сөзді: «Залымдардың жасаған пиғылдары үшін ақыретте тозақ отына салынып, азапталатын оттан бізді де сақтандыруда. Бұл тәпсірімізге дәлел: «...Ендеше, кәпірлер үшін әзірленген отыны адамдар мен тастардан тұратын тозақ отынан сақтаныңдар!»» [2; 2/24-аят] деп түсіндіреді.

Құран тәпсірінде аят-сүрелердің түсу себептерін қолдануы:

Әбу Мансур әл-Матуриди тәпсірінде Құран аяттарының түсу себептерінде қолданған. Кейде бір аяттың түсуіне байланысты бүкіл риуаяттарды келтірсе, кейде бір ғана риуаятпен шектелген. Мәселен, «Әнфал» сүресінің 1-аятының тәпсірінде: *(Уа, Мұхаммед! Мүміндер) сенен соғыстан түскен олжа жайлы сұрайды. Оларға: «Соғыстан түскен олжа Алла мен Пайғамбарға тиесілі (оны бөліп-үлестіру Алла Тағала мен Расулының қолында) — деп айт...»*. Матуриди аяттағы мәселені екі түрлі мағынада қарастыруға болады деген:

1. Мүміндер соғыстан түскен олжадан үлес алу халал ма, әлде харам баекенін білу үшін Алла елшісінен (с.а.у.) сұраған. Өйткені алғашқы кезде олжадан алу харам болып саналған. Ал бір деректе: бір жерге жиналып қойылған олжаға кенеттен от тиіп өртенген, сол кезде адамдар оның үкімін Алла елшісінен (с.а.у.) сұрайды. Осыған жауап ретінде жоғарыдағы аят түскен.

2. Сондай-ақ аяттың соғыс олжасын бөлісуге қатысты сахабалар арасында түрлі пікірлер туындаған кезде түскендігі айтылады. Бәдір оқиғасында сахабалар үш топқа бөлінген. Бірінші топ жау алдында, екінші топ арттарында қорған болған, үшінші топ Алла елшісінің (с.а.у.) жанында болған. Алла Тағаланың кеңшілігімен жеңіске жетіп, олжаны бөлісуге келгенде бірінші топтағы сахабалар: «Жау майданының алдыңғы шебінде соғысқанбіз. Сондықтан бізге олжадан көбірек үлес тиесілі», — десе, екінші топтағылар: «Біз артқы жақты қорғамағанда бұл жеңіске жетпейтін едік», — деген. Пайғамбар жанындағы сахабалар: «Біз Алла елшісін (с.а.у.) қорғадық, олжаның көбісі бізге тиесілі», — деп, Алла елшісінен (с.а.у.) мұның үкімін сұрап барады. Сол кезде Құранның «Әнфал» сүресі түскен болатын.

Бұл мәселеге табиғин Әбу Усама әл-Бәһили: Убада ибн Самиттен (р.а.) «Әнфал» хақында сұрағанымда, Ол (р.а.): «Әнфал сүресі Бәдір оқиғасына қатысқандар, яғни біздерге, қатысты түскен. Көп олжаға кенеліп, оны бөлісуде сөзге келгенімізде Алла Тағала қолымыздан алып Өзінің елшісіне (с.а.у.) берді. Осылайша Ол (Алла елшісі) арамызда теңдей бөлді» [6; 409], — деген.

Құран мәтіндерін түсіндіруде хадистерді қолдануы:

Әбу Мансур әл-Матуриди Құран Кәрім мәтіндерін түсіндіру барысында кейде хадис мәтіндеріне де сүйенген. Айта кететін жайт, Матуриди кейде хадистерді мағынасымен де береді. Бұл оның хадис жинақтарынан тікелей алмай, жадынан жазғанын көрсетсе керек.

— Құрандағы «Ағраф» сүресінің 55-аятында Алла Тағала: *Раббыларыңа іштей (яғни, бәсең дауыспен) жалбарынып дұға етіңдер. Шүбәсіз, Ол шектен шыққандарды ұнатпайды* деген. Матуриди бұл жерде «дұға етіңдер» деп адам баласының күнделікті дұғасын айтуда. Алла елшісі

(с.а.у): «Дұға — ғибадаттың өзегі» [7; 369 б.], — деген. Ғибадат өзгеге еру, соның жасағанын қайталаумен де орындалып жатады. Ал дұға кез келген жағдайда, яғни, пенде өзінің әлсіздігін сезініп Аллаға жалбарынып, шынайылықпен мұң-мұқтаждығын танытады. Осылайша дұға ғибадаттың нақ өзі болып есептеледі.

Аят соңында: *Шүбәсіз, Ол шектен шыққандарды ұнатпайды* деген аятқа кей ғалымдар Алла Тағалаға серік қосумен шектен шыққандар десе, екінші бір тәпсір ғалымдары дұғада шектен шыққандар деген. Дұғада шектен шығу дегеніміз: «Уа, Раббым! Мені пайғамбар қыл немесе періште!» — деп айту сияқты, не «Уа, Раббым! Мені жәннаттың мына жеріне, мына кісілердің жанына қой! — деп дұға жасау деп түсіндіреді» [5; 318]. Бұған қатысты хадис кітаптарында мына хадис келген.

Абдулла ибн Муғаффалдан жеткен риуаятта, ол өзінің ұлының: «Уа, Раббым! Мені Фердауыс жәннатына кіргіз! Уа, Раббым! Маған мынаны-ананы бер...» — деп дұға жасап жатқанын естіген кезде Абдулла: Ұлым, жәннатты сұра және тозақтан пана тіле. Расында, Алла елшісінің (с.а.у): *Сондай бір қауымдар келеді. Олар дұға жасауда және таһарат алуда шектен шығады* [8; 637] дегенін естідім, — деген. Матуриди дұғада шектен шығуды осы хадиске негіздеп отырып, *Алладан өзі лайық болмаған нәрселерді тілеу* [5; 319 б.] деп түсіндіреді.

— Кейде Матуриди хадистің қажетті жерін ғана келтірумен шектеледі *Раббың Адамның бүкіл үрім-бұтағының беліндегі ұрпақтарын шығарып алып, оларды өз-өздеріне куә етіп: Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?* — дегенде, барлығы бірауыздан: *Әлбетте біз бұған куәлік етеміз!* — деп жауап берді. *Біз мұны қиямет күні: Расында, біз бұдан бейхабар едік.* — деп сылтау айтпауларың үшін істедік [2; 7/172-аят]. Имам Матуриди бұл аятты *Әрбір сәби фитратпен (таза болмыспен) туылады* [9; 92 б.] деген хадистің бір бөлігімен түсіндірумен шектелуде [5; 308].

Имам Матуридидің Құран мәтіндерін интерпретациялаудағы хадистерді қолдану тәсілін қысқаша былай түсіндіруге болады:

- ол хадистерді сәнәдтарымен (хадисті жеткізуші рауилардың тізбегімен) бірге өте сирек береді;
- кейде ол хадистерді мағынасымен жазады;
- ол хадистерді құр жазып қоймай, аяттармен бірге ол хадистердің де түсіндірмесін баяндайды;
- сондай-ақ ол бір мәселеге қатысты қажет болған жағдайда бірден көп хадис келтіреді.

Матуридидің алдыңғы тәпсір ғалымдарының пікірлерін қолдануы:

Әбу Мансур әл-Матуриди Құран Кәрім мәтіндерін интерпретация жасау барысында өз кезегімен сахаба, табиғин және одан кейін келген буындардың атақты тәпсіршілерінің сөздерін де қолданған. Матуриди тәсілі олардың Құранды және сүннетті қолданудағы тәсілімен сәйкес келеді. Яғни, кезектегі аятты толығымен талдау жасап өз тәпсірін бергеннен кейін, сол аятты тәпсірлеген ғалымдардың сөздерін қатарымен тізіп айтады. Кейде бірнеше ғалымдардың сөздерімен ғана шектеледі. Ал кейде өз пікіріне қайшы пікір айтқан ғалымдардың сөздерін келтіріп, оларға көркем түрде жауап береді.

Мысалы, «Тәубе» сүресінің 8-аятында: *(Вәдеде тұрмайтын) бұзақы мүширіктермен қандай келісім болмақ? Егер олар сендерден үстем түссе, сендермен арадағы келісімге де, берілген антқа да қарамайды,* деген.

Матуриди алдымен аяттың жалпы мағынасын *Оларға қалайша келісім бересіңдер, олар келісім жасайтын адамдардың қатарынан емес, егер олар сендерден үстем түссе, сендермен арадағы келісімге де, берілген антқа да қарамайды,* — деп келтіреді.

Кей тәпсіршілер бұл аятты былайша тәпсірлеген: *Неге олармен соғыспайсыңдар?! Егер олар сендерден үстем түссе, сендермен арадағы келісімге де, берілген антқа да қарамайды.* Бұдан кейін көптеген тәпсір майталмандарының сөздерін келтірген. Сосын, жоғарыда аятта өткен «﴿﴾» (ил) сөзіне кенінен тоқталып, «Ғалымдарымыз «﴿﴾» — сөзін түрлі мағынада түсіндірген:

«﴿﴾» «Алла» мағынасында болса, «ذِمَّةً» (зиммат) сөзі «келісім» деген мағынада, ал Құтби деген ғалым; «﴿﴾» «ант» деген мағына береді, — десе, Әбу Усажа: «﴿﴾» сөзі «туыстық» деген мағына береді. Әбу Убайда: «﴿﴾» сөзі «ант» мағынасын берсе, «ذِمَّةً» сөзі «ұялу, келісім» деген мағынаға келеді, — десе, Ибн Аббас болса: «﴿﴾» «Алла» мағынасына келеді, — деген.

Тағы бір тәпсір ғалымы; «﴿﴾» сөзін «харам» мағынасын береді деген. Яғни, *Қалайша оларға келісім бересіңдер?! Егер олар сендерден үстем түссе, туыстыққа да харам айларына да қарамайды. Себебі бұрындары араб тайпалары арасында қандайда бір келіспеушілік туындаса, туыстарына барын салып демеуші болған. Ал, егер туыс тайпалар алауыздыққа душар болса, харам айлардың құрметіне, «масжид харамның» құрметіне татуласып отырған.*

Бұл жерден байқағанымыздай, Әбу Мансур әл-Матуриди кейде тәпсіршінің аты-жөнін айтса, кейде тек «кей ғалымдар бұл мәселеде былай деген», — деп шектелген [5; 320].

Құран мәтіндерін интерпретациялауда ақида ілімі:

Матуриди тәпсірі ақида саласындағы ауқымды мәселелерді қамтыған және «Әһлу сунна уал-жамаға» ақидасын қуаттандырып, жаңсақ пікірдегі ағымдардың ұстаным, сенімдерін жоққа шығаратын дәлелдерге бай. Мәселен: «Бақара» сүресінің 258-аятында келген *Алла берген биліктің буына мас болып, Ибраһиммен Раббысы жайлы сөз таластырғанды көрдің бе?! Ибраһим оған: Менің Раббым (қалағанына) жан бітіріп, өмір сыйлайды әрі (қалағанының жанын алып) өлтіреді, — деді...*» осы аяттың тәпсірінде имам Матуриди: «Бұл аят тікелей ақида саласында диспут жасауға рұқсат беруде. Себебі біздер (мұсылмандар) ислам дініне өзге дін өкілдерін және дінсіздерді де шақырып Алланың бар және бір екенін ұғындыруға міндеттелгенбіз. Сол сияқты бүкіл пайғамбарлардың да негізгі міндеті «Серігі болмаған, тек жалғыз Аллаға» шақыру болған. Сондықтан өзге дін өкілдері мен дінсіздерге ислам дінін жеткізу барысында олар міндетті түрде біздерден дәлел-дәйектер сұрайды. Кейде «Алланың бар және бір екенін» дәлелдеу оңайға соқпайтыны да сөзсіз. Нәтижеде үлкен диспутқа айналары анық. Сол себепті біз: «Аятта диспут жасауға ашық дәлел бар», — деп айттық» [5; 244], — дейді.

Сондай-ақ «Әһлу сунна уал-жамаға» ақидасындағы имам Ашғаримен де кей жерлерде түрлі пікірлерді ұстанғандығын осы еңбектен көруге болады. Мысалы:

1. Құранның «Әнғам» сүресі 36-аятында: *Анығында, еститіндер ғана шақыруға құлақ асады. Ал өлілерге келсек, Алла оларды қабірде қайта тірілмеді, содан кейін бірі қалмай Аллаға қайтарылады,* — деген аят бар.

Имам Матуриди «Адам өмірі екіге бөлінеді: 1) кәсіп етілген өмір, яғни, тағатпен, һидаятпен кәсіп ету арқылы болатын өмір; 2) бастама өмір, яғни, жатырда жан бітумен басталған дене тіршілігі. Кәпір адамда кәсіп етілген өмір болмайды. Тек бастама өмір болады. Ал, мүмін адамда екі түрлі өмірде бар» [5; 323], — дейді.

Бұл жерде қозғалып жатқан «кәсіп ету» мәселесі ақида саласындағы ауқымды тақырыптардан. Сондай-ақ «кәсіп мәселесінде» Матуриди мен Ашғари арасында түрлі пікір бар. (Мақала көлемін ескере отырып, оқырманды түптің аса сілтей отырып, екі имам арасындағы пікір айырмашылығына тоқталмадық).

2. Сондай-ақ имам Матуриди Муғтазила ағымының пікірлерін талдап, олардың бұрыстығын, «Әһлу сунна уал-жамағатқа» қайшы екенін баяндаған.

Құран мәтіндерін интерпретациялауда фикһ ілімі:

Имам Матуриди Әбу Ханифаның дәуірінен кейін өмір сүрсе де, оның озық шәкірттерінен есептеледі, яғни Әбу Ханифа еңбектерін оқып, ғұлама шәкірттерінен сабақ алып, ханафи мазһабының негізін жақсы меңгерген. Ол әрі Ханафи мазһабын жандандырушы ретінде саналады. Имам Матуриди Ханафи мазһабының шарифат аясында ақылды қолдану тәсілін меңгеріп, өз еңбектерінде (тәпсір, фикһ, ақида салалары) қолданғанын анық көреміз.

Сондай-ақ «үкім аяттары» тәпсірлері берілген жерлерде Әбу Ханифаның есімін жиі кездестіруге болады. Сонымен қатар «үкім» аяттарын тәпсірлеуде фикһ саласына кеңінен тоқталғанын көре аламыз. Бұл арада да алдымен, «үкім» аятын толық талдап, артынша осы аятқа қатысты фикһ ғалымдардың сөздерін келтіріп, соңында өзінің фикһи пікірлерін қоса кеңінен тәпсірлейді. Мәселен: *Зекет-садақалар тек қолы қысқа пақырларға, мұқтаждарға, зекет жинау міндетін атқарушы қызметкерлерге, Исламға тарту немесе жоқ дегенде дінге дұшпан болмауы үшін көңілдерін аулау көзделген жандарға, тұтқыннан немесе құлдықтан азат етілетіндерге, қарызға батқандарға, Алла жолында жүргендерге және елінен жырақта жүрген немесе жолда қалған жолаушыларға арналады. Алланың парыз еткен кесімді үкімі, міне, осы. Алла бәрін білетін шексіз ілім иесі, әр ісі мен әрбір үкімінде талай хикмет болған асқан даналық иесі,* — деген. «Тәубе» сүресінің 60-аятын имам Матуриди тәпсірлеместен бұрын алдындағы аятпен байланысын көрсетіп барып аят тәпсіріне кіріседі. Осы аятқа байланысты Хузайфа, ибн Аббас, Омар, Али (р.анһум.) сынды бірнеше сахабаның пікірлерін келтірген. Сосын аяттағы фикһ үкімдеріне кеңінен тоқталып, тіпті кей пікірлеріне келіспейтін ғалымдардың да сөздерін келтіріп бұларға жауап берген. Соңында аяттағы зекет-садақа берілетін сегіз кісіге жеке-жеке тоқталған. Сондай-ақ бұл сегіз топты баяндауда хадистерге жүгінгенінде көре аламыз [5; 327].

3. Дереккөздерді пайдалануда қолданған әдісі.

Жоғарыда айтылғандардан Әбу Мансур әл-Матуридидің Құран мәтіндерін интерпретациялауда қолданған тәсілдерін қысқаша былай көрсетуге болады:

Құран тәпсірінде Әбу Мансур әл-Матуридидің тәсілі өте ерекше. Ол аяттарды жан-жақты талқылауымен әрі оқырманға түсініктілігімен ерекше, өзгелерден өзгеше жол таңдаған. Хижри төртінші ғасырда жазылған еңбек заманымызда жазылғандай, қарапайым оқырманның өзі еш қиындықсыз түсіне алады.

Имам Матуридидің өзінен бұрынғы тәпсіршілерден ерекшеліктері:

Бірінші: Сәләф (Алғашқы үш ғасырда келген ғалымдар (хижри жыл санағы бойынша)) ғалымдардың тәпсір кітаптары риуаяттан тұрады. Олар риуаяттарды жинаумен ғана шектелген, яғни «масур» тәпсірі. Ал, имам Матуриди «масур» тәпсірі мен «рай» тәпсірін біріктірген.

Екінші: Матуридиден бұрынғы тәпсіршілер Құран тәпсірінде қолданған хадистерді, сахабалардың немесе табиғиндердің сөздерін келтіргенде оларды сәнаппен / тізбекпен айтатын. Бұған мысал ретінде, Жарир Табаридың және сегізінші ғасырда жазылған ибн Кәсирдің кітаптарын айтуға болады. Ал, имамның тәпсірінде бұндай сәнаптар келтірілмеген. Бұл жері қазіргі заманда жазылып жатқан кітаптарға өте ұқсас.

Үшінші: Имам тәпсірінің жан-жақтылығы. «Тәуилат әһли сунна» еңбегінде ақида, фикһ мәселелерін және лингвистика ілімін жетік меңгергенін көруге болады. Сондай-ақ аяттың тек сыртқы, тілдік мәселелерін емес мазмұнын тәпсірлеуге негізделгенін байқауға болады. Яғни, Замахшари сияқты тек тілдік немесе имам Қуртуби сияқты фикһ саласымен шектелмей, бүкіл саланы біріктірген [5; 330].

Матуридидің аяттарды талдағанда қолданған тәсілдері:

1. Аятқа қатысты айтылған көзқарастарды жеке-жеке «Пәленше былай деді», «Төленше бұл аятты, былай баяндады», — деп келтіреді. Сондай-ақ кей аяттарды ақылмен емес нақылмен тәпсірлегенде ғалымдардың сөздерін берумен шектелмей, арасынан таңдау жасайды.

2. Ғалым аяттарды нақли (аят-хадис) емес ақли дәлелдермен тәпсірлегенде бірден көп көзқарастарды «бұл жерде ықтималдық бар» немесе «бұл жерде бірден көп мағына шығады», — деп береді.

3. Ақида және фикһ қамтылған аяттарды тәпсірлегенде кейде аятта соншалықты мәселе қамтылмаса да өте тереңге кіреді.

4. Кейде Матуриди аяттардың тәпсіріне кіріспестен бұрын, бұл аятты «қырағат» ғалымдары әр түрлі оқығанын айтады. Мәселен, «*لَا تُحْسِنُ الَّذِينَ كَفَرُوا*» («лә тахсабәнна әл-ләзина кафәру») аятының оқылуында қырағат ғалымдары екі топқа бөлінген; бірі «та» әріпімен оқылады десе, екіншілері «иа» әріпімен оқылады деген («Та» әріпімен оқылуы *(لَا تُحْسِنُ)* («лә тахсабәнна»), «иа» әріпімен оқылуы *(لَا يُحْسِنُ)* («лә иахсабәнна»). «Та» әріпімен оқылса, Алла елшісіне (с.а.у) қаратып айтылуда, ал «иа» әріпімен оқылса, онда кәпірлерге қаратылып айтылуда деген.

5. Сондай-ақ Матуриди аяттардың түсу себептерінде (*асбаб нузул*) баяндайды. Алайда бұндай жерлер өте сирек.

6. Ғалым Құран тәпсірінде кейде араб тілі грамматикасын қолданады. Алайда өзге тәпсіршілер сияқты арабтардың өлең, жырларын келтірмей, хадис және сахабалардың сөздерімен шектеледі.

7. Матуриди хадистерді келтіргенде сәнаппен жазбайды. Сондай-ақ ол хадистерді толығымен жазып жатпай, тәпсірге керекті жерін ғана алады. Кей-кейде хадисті мағынасымен де жазып кетеді.

8. Матуриди тәпсірге бастамас бұрын өзге тәпсір ғалымдары сияқты сүренің артықшылығын, Меккелік немесе Мединалық екенін және аяттардың «насих мансухын» баяндамайды [5; 332].

Жоғарыдағы айтқандарымыздан түйетініміз, Матуридидің «Тәуилату әһли сунна» тәпсірі ерекше кітап екенін, ішінде тәпсірден бөлек ақида, фикһ, фикһ әдіснамасы және логика сияқты көптеген ілімдер саласы қамтылғанын көре аламыз. Бұларға қоса оның ақыл мен нақылды (діни мәтіндерді) бір еңбекте керемет ұштастыруынан, «Рай» мектебінің әдісін қолдайтын жаңашыл ғалымдардың қатыранда екенін байқауға болады. Ислам дініндегі ақыл мен қисынға негізделген «рай» әдісінің негізін Әбу Ханифа қалаған болса, оның ілімін таным теориясына негіздеп, философиялық әрі теологиялық тұрғыдан ғылыми сипатта одан ары дамытқан Әбу Мансур әл-Матуриди болды.

Матуриди «Тәуилат» кітабын жазбастан бұрын өзіне дейінгі тәпсірші ғалымдардың еңбектерін толықтай оқып шығып, керегін алып, оған қосатынын қосып керек емесін алмағанын және бұнымен шектелмей келіспейтін көзқарастарды қанағаттандырарлық дәлелдермен сынға алып жан-жақты талдау жасағанын толық көреміз.

Сондай-ақ талдау Матуриди Құран Кәрімге біртұтастық принцип шеңберінде қараған. Оның методологиялық әдісі бойынша сүре мен аяттар арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан ол Құранды біржақты қарауға келмейтін абсолютті Кітап деп атады. Сондықтан да Матуриди Құранды дұрыс түсініп, өзгелерге түсіндіру мақсатында бар күш-жігерін жұмсап еңбек еткен. Нәтижесінде Тәуилатул Құран атты еңбек өзінен кейінгі дәуірлердегі тәпсірлерге үлгі болып, ғасырлар бойы өз құндылығын жоғалтпаған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ал-Муъжам ал-уасит. — Каир: Хандасия, 1985. — II-т. — 1111 б.
- 2 Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма. — Медине, 1991. — 604 б.
- 3 *Ахмед Бадр. Усул бахс илми уа минһажуһу.* — Кувейт: Қалам, 1984. — 522 б.
- 4 *Жалаладдин ас-Суюти. ал-Итқан фи улум ал-Құрған.* — Египет: Мустафа Баби Халаби, 1978. — II-т. — 3216 б.
- 5 *Әбу Мансур әл-Матуриди.* Тауилат аһли сунна. — Бейрут: Кутуб илмия, 2005. — I-т. — 638 б.
- 6 *Ахмад ибн Ханбал. Ал-Муснад.* — Каир: Дарул хадис, 1995. — 639 б.
- 7 *Мухаммед ибн Иса Абу Иса ат-Тирмизи. Сунан ат-Тирмизи.* — Рияд: Маъариф, 2000. — 756 б.
- 8 *Ибн Мәжа. Сунан ибн Мәжа.* — Рияд: Маъариф, 2000. — 849 б.
- 9 *Бухари Абу Әбдиллаһ Мұхаммед ибн Исмаил. Сахих ал-Бухари.* — Бейрут: Кутуб илмия, 2001. — I-т. — 162 б.

Х.И.А. Хамдан, А. Жаненулы, К.С. Ержан

Методы интерпретации Абу Мансура аль-Матуриди текстов Корана

В статье рассмотрен труд известного ученого исламского мира Абу Мансур аль-Матуриди «Тавилатуль аһли сунна», где представлены проблемы обучения тафсиру Корана. В этом труде, подчеркнута авторами, тафсир преподносится путем исследований аятов и сунны Пророка, изложены также проблемы тафсира, хадисов, акиды, методология и логика фикха. Отмечено, что аяты в этом труде представлены доступным языком, разносторонне преподнесены проблемы разума.

H.I.A. Hamdan, A. Zhanenuly, K.S. Yerzhan

Methods of interpretation of Abu Mansur al-Maturidi Quran texts

This article discusses the work of the famous scholar of the Islamic world Abu Mansur al-Maturidi «Tavilatul Ahlul Sunnah», which presents the problem of educating the Quran tafsir. In this work is presented through research tafsir of verses and deeds of the Prophet. And in this work presented problems of tafsir, hadith, aqidah, fiqh methodology and logic. The verses in this work are expressed in accessible language. Versatile presented to the problem of the mind.

References

- 1 *al-Mu'jamal-wasit*, Kahire: Handasiya, 1985, II, 1111 p.
- 2 *Translation of the Meanings of the noble Quran in the Kazakh Language*, Medina, 1991, 604 p.
- 3 Ahmad Badr. *Usul bahs ilmi va minhacuhu*, Kuweyt: Qalam, 1984, 522 p.
- 4 Jalal ad-din Suyuti. *Al-Itqan fi ulum al-Quran*, Egypt: Mustafa Babi Halabi, 1978, II, 3216 p.
- 5 Abu Mansur al-Maturidi. *Tavilat ahli sunna*, Beirut: Kutub ilmiya, 2005, I, 638 p.
- 6 Ahmad ibn Hanbal. *Al-Musnad*, Kahire: Darulhadis, 1995, 639 p.
- 7 Muhammed ibn Isa Abu Isa at-Tirmizi. *Sunan at-Tirmizi*, Riyad: Maarif, 2000, 756 p.
- 8 Ibn Majah. *Sunan ibn Majah*, Riyad: Maarif, 2000, 849 p.
- 9 Buhari Abu Abdilla Muhammed ibn Ismail. *Sahih al-Buhari*, Beyrut: Kutub ilmiya, 2001, I, 162 p.